

«Виктория» СК» АҚ-мен жылжымайтын мүлікті сақтандыру – «Менің пәтерім» Көппәтерлі үйлер мен тұрғын үй кешендерінің тұрғындарын сақтандыру бойынша танымал бағдарлама

«Виктория» Сақтандыру компаниясының мамандарының пікірінше жылжымайтын мүлікке ие болу – бұл тек қана қолайлылық пен ертеңгі күнге деген сенімділік қана емес, сонымен қатар жауапкершілік. Көппәтерлі үйлер қолайлы өмір түруді қамтамасыз етеді, алайда онда апаттық жағдайлар да болып тұрады. Барлық қауіпсіздік шараларын сақтағанның өзінде қандай да бір тәуекелдер болады. Пәтерге өрттен, су басудан, бұзып кіруден немесе дүлей апаттардан залал келуі мүмкін, мұндай жағдайда тұрғындар едәуір қаржылық шығындарға ұшырайды.



Күтілмеген жағымсыз оқиғалардың толығымен алдын алу мүмкін емес, бірақ **«Виктория» СК» АҚ** ұсынған сақтандыру бағдарламаларының арқасында ықтимал материалдық шығындарды айтарлықтай азайтуға болады. «Виктория» СК» АҚ жылжымайтын мүлік бойынша келесідей сақтандыру бағдарламасын ұсынады:

«Менің пәтерім» - көппәтерлі үйлердегі пәтер иелері үшін.

Бұл бағдарлама тұрғын үйді келесідей тәуекелдерден қорғауды қамтамасыз етеді:

- өрт, тұрмыстық газдың жарылысы;
- жер сілкінісі және басқа дүлей апаттар;
- өртті сөндіру кезінде келген залалдар (пәтерді су басу немесе құрылымдардың бұзылуы);
- су құбыры, кәріз және жылыту жүйелеріндегі апаттар;
- көрші үй-жайлардан өткен су.

«Менің пәтерім» Ерікті сақтандыру бағдарламасы Қазақстанда жылжымайтын мүлік иелерінің мүліктік мүддесін қорғауды қамтамасыз етеді. Ол келесілерді қамтиды:

- құрылымдық элементтер: қабырғалар, едендер, төбелер, терезелер, есіктер;
- ішкі өңделім: декоративтік жабындар, жапсарлай салынған құрылымдар.

Бағдарламада сақтандыру сыйлықақысының тіркелген мөлшерлемесімен сақтандыру сомасының бірнеше нұсқасы қарастырылған:

- 300 000 теңге – сақтандыру **сыйлықақысы 3 000 теңге**
- 700 000 теңге – сақтандыру **сыйлықақысы 7 000 теңге**
- 900 000 теңге – сақтандыру **сыйлықақысы 9 000 теңге**

Келісімшарт жасалған кезде сақтандыру сыйлықақысы біржолғы төлеммен төленеді.

Франшиза: пәтер зақымданған кезде – сақтандыру сомасының 1%-ы. Тұрғын үй толығымен жойылған немесе жер сілкінісінен залал көрген кезде – сақтандыру сомасының 10%-ы.

«Менің пәтерім» бағдарламасы бойынша сақтандыру төлемін алу үшін келесі іс-әрекеттерді жасау керек:

1. Сақтандыру жағдайы туралы хабарлау;
2. Құжаттар дайындау: сақтандыру жағдайы туралы өтініш, сақтандыру полисінің түпнұсқасы, меншік құқығы туралы құжаттар, органдардың актілері (өрт сөндіру қызметі, полиция және т.б.), талап етілген құжаттардың толық топтамасын сақтандыру компаниясынан сұрату қажет.
3. Өтініштің қаралуын күту.
4. Сақтандыру төлемін алу.

Біздің клиенттер неліктен «Виктория» СК» АҚ-ны таңдайды?

«Виктория» СК» АҚ – Қазақстанның ең ірі сақтандыру компанияларының бірі, нарықта **1993 жылдан** бастап жұмыс атқарып келеді. 31 жылдан астам уақыттан бері компанияның қызметі кішігірім сақтандыру ұйымынан жалпы сақтандыру нарығындағы жетекші ойыншыға дейінгі жолды жүріп өтті. 01.01.2025 жылғы жағдай бойынша компания: активтер көлемі бойынша үшінші орында – 103,8 млрд. теңге (нарықтың 13,9%-ы), өзіндік капиталы бойынша 3 орында – 78,99 млрд теңге (нарықтың 8,11%-ы).

Бүгінгі таңда компанияның 5 міндетті және 17 ерікті сақтандыру сыныптары бойынша лицензиясы бар, корпоративтік клиенттер (ірі, орта және шағын бизнес), жеке тұлғалар үшін сақтандыру қызметтерінің алуан түрін қамтамасыз етеді. Біз сақтандыру жағдайларын жылдам қарастырамыз, әр клиентке жеке тәсіл қолданамыз, қаржылық тұрақтылығымыз жоғары, қайта сақтандыру қорғанысы бар.

2013 жылдың 23 ақпанынан бастап А. М. Best Europe — RatingServicesLimited рейтингілік агенттігі «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ-ға қаржылық тұрақтылықтың В+ (жақсы) рейтингін және эмитенттің «bbb-» кредиттік рейтингін белгілегенін жариялады, рейтингілер бойынша болжам – тұрақты. «Бұл рейтингілер тәуекелдерді есепке ала отырып түзетілген капиталдандырудың керемет деңгейін, андеррайтингінің жағымды тарихи нәтижелерін және негізделген перспективалы бизнес-жоспарларды көрсетеді – деп атап өтті рейтингілік агенттігі өзінің баспасөз хабарламасында. Агенттік осындай рейтингіні біздің компаниямыз үшін 2014-2024 жылдарында да растады.

Сақтандыру полисін «Виктория» СК» АҚ-ның кез келген филиалында рәсімдеуге болады.

Ресми сайтымыз: [<https://vic.kz/>]. Жедел желі: [+7(727) 279 55 80].

«Виктория» СК» АҚ – кездейсоқтықты жеңу!